

## ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**А.Ш.Абижанова -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың көркем сурет факультетінің*

*2 курс магистранты*

Қазақстанда бейнелеу өнері профессионалды түрде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары европалық дәстүрдің негізінде құрылды, бірақ та ең басынан онда ұлттық дүниетанымның тұрақты стереотиптері айқын байқалды.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі ерекшеліктің негізін құрайтын белгі, ол, ұлттық өнерге көзқарас пен ұлттық дәстүр. Қазақстан бейнелеу өнерінің рухани ерекшелігі мен кәсіби көркемдік өзгешеліктің қалыптасуы халықтың санасы мен ішкі сырының әрдайым қатынаста болуына байланысты.

Осының нәтижесінде, шамамен жүз жыл ішінде өзінің ерекшелігі, өзіндік ұлттық өнері, тілі, мәдениеті және идеясы бар ұлттық өнер мектептері құрылды. Ұлттық өнер – бұл мәдениет өзегі, бұл арқылы дүниетанымның негізі ұрпақтан-ұрпаққа қалып, ғасырдан-ғасырға дамып отырды.

Ерте заманда тәңіршіндық сияқты ілімі – сенім болған, бұл дүние танымдық көзқараста көк аспан, жер, су, тау, өзен, төбе, ағаш сияқты қасиетті де киелі заттарды құрметтеп, әспеттеген. Осы киелі дүниелерді әспеттеп құрметтеу, біздің ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымызға негіз болу философиясын қалыптастырған.

Ұлттық бейнелеу өнері. Барлық халықтарда дамудың төменгі сатыларында болатын және барлық негізгі аспектілерде (қызметі, түрі, жанры, образдары және т.б. с.с.) тығыз сабақтастық сақталатын өнер түрі. Оның айрықша ерекшеліктері: шығармашылық кәсіби сипат алмағандығы, оның жеке бастан тәуелсіздігі, мифологиялық символикаға, сырға толы болуы, бүкіл діни табыну кешенімен ажырағысыз байланыстылығы. Олай болса ұлттық өнер дегенді халықтың тіршілік етуі барысында дамып қалыптасқан «өмір құбылыстарын, қоғамдық болмыс, сана нәтижелерін, адамның іс-әрекетімен көңіл - күйін, сезімі мен бүкіл рухани дүниесін көркем образда, көркем тіл (түрлі бояудағы көркем образдар, пластикалық пішімдер, көлемдік - кеңістік формалары, сурет пен рендер, жарық пен көлеңке сызықтары) бейнеленетін форма мен мазмұнның қатынасы деп түсінеміз».

Біз ертеден-ақ қазақ мәдениетінде ұлттық өнердің түрлі салаларын кездестіре аламыз. Қазақ ұлттық өнері тым ежелден, яғни, сақ дәуірі, неолит кезені, Андронов және көшпелілер кезеңдерінде де дамып отырған. Мысалы, ежелгі дәуірдегі бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері, олардың пайда болуы мен олардың даму эволюциясы, қолөнер шеберлігі мәдениетінің пайда болуының бастауы осы кезеңдер деп білеміз.

Ежелгі дәуірдегі ұлттық өнердің әлемдегі көптеген халықтар сияқты Қазақстанда да жартастағы адам мен жан- жануарлар суреттерінен тани аламыз. Мысалы, Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, А.Н.Бернштам секілді Қазақстан қазбаларын зерттеуші археолог ғалымдардың пікірінше, жартастағы – аң аулау суреттері және адамдардың үлкен шеңберді айнала билеп жүрген көріністері өз кезеңіне сай іс-қимылдарды көрсетеді. Бұл секілді петроглифтерді ғалымдар Орталық Қазақстанда, Қараүңгір және Жамбыл тауларында, Тамғалы шатқалында, Шығыс Қазақстан облысы, Шілікті қорғанындағы жартастармен үңгірлерден табылғандығын айтады. Оған қоса Есік қаласынан 1970 жылы табылған сенсациялық ашылу «Алтын адамдағы» сақ жігітінің киімдеріндегі әр түрлі өрнектеулер мен әшекейлер сол дәуірдегі ұлттық өнердің, мәдениетінің жоғары деңгейде болғандығынан хабарлар береді.

Ұлттық өнерге мұнан басқа қолөнердің зергерлік түрі, сондай-ақ әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан кілем, алаша тоқу, сырмақ сыру, кесте тігу деген секілді композицияға толы бұйымдары Қазақтың бұрыннан ұлттық өнерде өзіндік көркемдік талғамы биік болғандығын аңғартады.

Бүгінге дейін қазақ ғалымдары ежелгі Қазақтардың рухани мәдениетінің, ұлттық өнерінің ерекшелігін, тұжырымдамасын және мәнін сақтау, анықтау барысында олардың даму сатысын зерттеуді де қолға алды.

Ежелгі ұлттық бейнелеу өнерінде мүсін, қол өнері, сәулет өнері өзінің бір ерекше бір сипатымен – салттық функцияларымен ежелгі адам түсінігіндегі адам мен әлемнің пайда болуындағы мифтік – космогониялық мәселелері де болды.

Бұған қоса Қазақстанда өмір сүрген ежелгі отырықшылардың көркем мәдениетінде философия және прагматикалық бастамалар тепе - тең дәрежеде дамып отырған.

Сонымен қатар, сол кездерде ұлттық өнер ішінде ең көп тараған өнердің бірі – керамика болатын. Керамика - көркем қолөнері кәсібінің бір түрі ретінде мәдениетімізде қалыптасқан. Керамикалық ыдыстар қазақтардан басқа Орта азия халықтарында да, ежелгі еуропа елдерінде де жасалған. Мұны ертедегі зират басындағы қазбалардан табылған құмыралар мен құтылардың, қазандардың табылуынан көреміз. Қазақстанда әр түрлі көлемді өрнектелген құмыралардың алғашқы тұлғалары неолит дәуірінен басталған.

Қазіргі кездерде қыштан жасалған ыдыстармен қоса әр түрлі қол өнер бұйымдарын қазіргі мұражайларда көптеп кездестіреміз. Дегенмен де олардың пайда болу, шығу тарихын анықтау, әрине, қиынға соғары даусыз. Десекте, көнекөз қариялардың айтуынша әрбір орналасқан ауылдық, не қалалық жерлердің орны – ежелгі ата қоныстарымыз болғандығын айта отырады.

Ал, сақ дәуіріндегі зергерлік бұйымдар 1 – мыңжылдықтың басында Еуразия далаларында көркем қолөнер кәсібінің даму жүйесі болған. Осы кезеңде біздің Жетісу өңірінен зергерлік атрибуттар табылған. Сақ мәдениетінің гүлдену кезеңі б.д.д. 1-мыңжылдықтың орта кезінде Алтай,

Сарыарқа, Іле Алатауы, Батыс Қазақстан аумақтарынан көруге болады. Мұндағы зергерлік бұйымдардан дала мәдениетінің рухы, сол кездегі тұрғындардың наным- сенімдері де көрініс табады. Мысалы, бұған дәлел ретінде Есік қаласынан табылған «Алтын адамның» зергерлік әшекейлік жолмен жасалған тұмары болғандығын айтуға болады. Түрлі әшекейлерді олар мұнан басқа қару-жарақтардың сабына дейін өрнектелген.

Олардың көркемдік эстетикалық жағы өте жоғары деңгейде болады. Өйткені, қарулардың әмбебап пішіндерінің қалыптасуы, оны ою-өрнектермен әсемдеуі, Еуразия далаларында қолданысқа ие болуы – көшпелі халықтардың қару – жарақ ісінің белгілі бір дәрежеде дамып отырғандығын көрсетеді.

Сондай-ақ сақ дәуірінде өсімдік мотивтері де пайда болған. Ертедегі көшпенділердің өнерінде мифологиялық сюжеттерді бейнелегенде, олар өсімдік әлеміндегі барша шынайылықты қолдана білді. Бұл қазіргі дәуірдегі әр түрлі тақырыптардағы бейнелеу өнер түрлерінде кездестіруге болады. Яғни, мозаикаларда, (тастан гүл суреттерін жасау), экзотикаларда өсімдік әдемілігінің шынайы келбетін көреміз. Өсімдік әлеміндегі мұндай сюжеттерден көбінесе философиялық сыр сұлулықты аңғару қиын емес.

Қазіргі кезде қазақ бейнелеу өнерінің майталмандары да, бар жігерін ұлттық өнердегі жаңа көзқарастармен жаңғыртып, әлем картинасын жазу кезінде, бір ұлы жүйеге бағынатын космогониялық дүниетаным түсініктерін бағындыратын бағытқа деген қажеттілік пайда болғанын түсініп, жаңа ізденістерге ұмтылуда. Ол Қазақтың көне ұлттық өнерінің дүниетанымдық болмысы мен суретшілердің дүние жайлы түсініктерінің синкретті және жан-жақты қабысуының арқасында қалыптасып, рухани мирастық жалғасқанда ғана, ұлттық өнердегі жаңа бағыттың көрініс табатынын түсінді. Сондықтан, қазақ бейнелеу өнерінің орта буынында яғни, қазақстан суретшілері туындыларында ұлттық өнерге, көнелікке, ескілікке, тарихи деректерге деген үлкен қызығушылық көріне бастады.

Ал, бүгінде жастарға ұлттық өнерге – жоғары рухани мәдениеттің айнасы деген пікірді уағыздап, оған деген оң көзқарастарын қалыптастыру – қазіргі кездегі болашақ суретші-педагогтың тікелей міндеті болуы қажет деп ойлаймыз. Себебі, ұлттық өнер жастарды өзінің болмысымен, тарихи, табиғи сипатымен тұңғыш тереңінде болып жатқан құбылыстарын терең аша отырып, жоғары көркемдік талғамға тәрбиелей алады. Мұнда ұлттық өнер қазақ халқының тіршілік өмір салтымен, материалдық және рухани бай дүниесімен, ұлттық тәрбиесімен, халықтық психологиясымен ерекшеленетін әлем мәдениетіндегі өз орнымен ерекше сипатталады.

Халқымыздың қолөнерін, сәндік қолданбалы өнер туындылары және оларды дайындау барысы: біріншіден жастардың бейнелеу, еңбек мәдениетін қалыптастыруды қарастырса, екіншіден, эстетикалық тәрбие және сапалық қасиеттерді қалыптастырудың көзі, үшіншіден, қалдықсыз технология бойынша бейнелеу өнері пәнінде білім мен іскерліктің негізі ретінде қарастыруға болады.

Оқу-тәрбие процесіне этнопедагогикалық білім мазмұны мен іс-

әрекеттерін енгізу және жүзеге асыру, этностық мәдениетке баулу мақсатында көптеген Қазақстандық педагог-ғалымдардың тынғылықты атқарып жатқан еңбектерін атап кетуге болады.(С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Қ.Бөлеев, Ж.Асанов, т.б.).

Ж.Асановтың еңбегін талдау негізінде жеке тұлғаның этнопедагогикалық білімдер мен тәжірибелер құрылымынан әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс, шаруашылық тәжірибелердің, мәдениет пен ұлттық өнер түрлерінің өзіндік орын алғандығын көреміз. Біздер "этнопедагогикалық мәдениет мазмұны деп, этнопедагогикалық білімді, құбылысты және тәрбиелік, танымдық іс-әрекетті түзетін элементтердің, байланыстардың, қатынастардың жиынтығы" – деп білеміз. Ал, “этностық мәдениет - халқымыздың тұрмыстық өмір тіршілігіне тән білімдерді (қонақжайлылық, ісмерлік, эстетикалық талғам, этностық мәдениеттілік), құбылыстарды сипаттайтын және жеке тұлғалық сапалық, жағымды қасиеттерін қалыптастырудағы эстетикалық тәрбиелік іс-әрекеттер, байланыстар мен қатынастар” ретінде сипатталады.

Ұлттық мәдениетке қатысты зерттеулерді және оған берілген анықтама тұрғысынан ұлттық мәдениет құрылымы анықталады:

- адамдар арасындағы қарым-қатынаста;
- еңбек, өндіріс құралдарымен іс-әрекетте;
- табиғат тіршіліктерімен араласуда және оларға ықпал етуде;
- дәстүрлі тұрмыстық тіршілікте;
- образдық қолданбалы, көркем шығармаларды жасауда;
- ұлтқа тән дәстүр элементтерінің орындалуымен;

*Ұлттық өнердегі, мәдениеттегі іс-әрекет мақсаттары:*

- *гностикалық тұрғыдан*: тану, анықтау, түсіну, тексеру, бағалау. Мәселен, рухани өнер, мәдениет құндылықтарын анықтау және бағалау, т.с.с.;

- *түрлендірушілік тұрғыдан*: түрлендіру, өңдеу, ұйымдастыру, әсер ету. Адамның өзін және қоршаға ортасына қатынасын түрлендіру, сапалық қасиеттерді іс-әрекеттерді (салт, дәстүр, жөн-жоралғы, т.б.) ұйымдастыру, материалдық игіліктерді өңдеу, сыйласымдық қарым-қатынас жасау.

- *ізденушілік тұрғыдан*: ойлап табу, өнер үлгісін құрастыру. Сәндік-қолданбалы өнерде шығармашылықпен тұрмыстық заттарды әзірлеу, т.б.

*Ұлттық өнер мен мәдениетке тән нысандардың мазмұны:*

- ұлттық төл ұғымдарымен;

- ұлттық өнеріне тән іс-әрекет үлгілерін орындау іскерліктерімен;

- ұлттық өнер нысандарын орындау мен жүзеге асыруда қалыптастыратын жеке тұлғалық сапалық қасиеттермен анықталады.

Ұлттық өнер нысандары арқылы жастарды эстетикалық тұрғыда тәрбиелеу көпшілік ортада, ұлттық мерекелерде, салт-дәстүр, жөн-жоралғылар, т.б. іс-әрекеттерде ара-кідік жүзеге асырылады. Ұлттық өнерге студенттерді баули отырып, эстетикалық тәрбие беру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Оның ішінде:

- ұлттық өнер нысандарын сипаттайтын оқу материалдары теориялық тұрғыдан оқу пәні және тәрбие жұмысы бағдарламаларының мазмұнына ұғымдар түрінде сұрыпталып, бүгінгі күнге жарамдысын қосу;

- оқу пәндері бойынша теориялық сабақтарда, практикалық жұмыстарда, тәрбие жұмыстарында студенттердің ұлттық өнерге тән нысандарды орындауын, дайындауын ұйымдастыру;

- ұлттық өнер негізінде студенттерге эстетикалық тәрбие бере отырып пәнаралық байланысты ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Жоғары мектептің көркем сурет факультетінің оқу пәндерінде студенттердің ұлттық өнерге деген ынталары мен қызығушылықтарын қалыптастыру мүмкіндіктері мол.

Кез келген оқу пәні мазмұнындағы ұлттық өнерге тән іс-әрекеттерге дайындық: бақылау, салыстырма талдау, талдау және жинақтау, жүйелеу, зерделенетін нысан мен құбылыстың себеп-салдарлық байланысын анықтау, т.б. жалпы ғылыми әдістерді пайдаланумен жүзеге асырылады. Оқытушылар тарапынан оқыту әдістері білімді және іс-әрекетті меңгеру тұрғысынан орындалады.

Ұлттық бейнелеу өнер үлгілері кең мағынада қарастырылып, ол жоғары мектептің көркем сурет факультетінің «бейнелеу өнері пәнін оқыту әдістемесі» пәнін оқып меңгеру, ғылым негіздерін зерделеу, қоғамға пайдалы, студенттердің шығармашылық және басқада көркем іс-әрекеттерін қамтиды.

1. Байжігітов Б. *Өнер тарихы мен теориясы: Оқу құралы.* – Алматы: Ислам әлемі, 1999.- 147 б.

2. *Қазақстан халқына жолдауы. 2003 жылы сәуірде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.*

3. Қалиев С. *Ұлттық педагогиканың негізгі қағидалары //Бастауыш мектеп.* – 1994. - № 1, № 2, № 3.

4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. *Қазақтың тәлім-тәрбиесі.* - Алматы, 1995. 352 .

5. Ұзақбаева С. *Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі.* - Алматы: Қазақ ССР Білім қоғамы, 1990. - 30 бет.

6. Мухамбаева А.Х. *Национальные обычаи и традиции казахского народа и их влияние на воспитании детей и молодежи: Автореф. дисс... к.п.н: 09.01.1974.* – М., 1974.

7. Тайжанов А. *М.Әуезов халықтық педагогика мен ұлттық тәрбие туралы //Ақиқат.* – 1994. - № 3.- Б. 89-94.

## Резюме

В данной статье автор рассматривает развитие эстетического воспитания студентов посредством национального искусства. Автор считает, что потенциальные возможности национального изобразительного искусства являются основным средством развития эстетического воспитания студентов.

## Summary

In given article the author considers problems of aesthetic education of students on the basis of national art. The author considers potential possibilities of the national fine arts as basic means of aesthetic education of students in the course of training.

## **ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ**

**Ж.Айнақұлов -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура  
институтының «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының  
2-ші курс магистранты*

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейі мен өлшенбейді. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары білім беру технологиясын меңгеру дүние жүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Пәнаралық байланыс – түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім берумен оқыту талаптарының бірі. Пәнаралық байланыстың қажеттігі дүниенің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінен туындайды. Ол оқу пәндерінің топтары деңгейінде табиғаттың, қоғамның, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі жетекші және жалпылама қағидаларды қамтиды. Оқу пәндерінде қарастырылатын аталмыш қағидалар оларды білім беру мазмұнының біртұтас жүйесіне біріктіреді. Бұл жерде пәнаралық байланыстың дүниетанымдық қызметі маңызды рөл атқарады. Пәнаралық байланыс негізінде білімдер жүйеге келтіріледі, олардың беріктігі қамтамасыз етіледі. Пәнаралық байланыс бірқатар оқу пәндеріне ортақ негізгі қағидалар, ұғымдар, деректер, ғылыми таным әдістері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқу материалының қайталанбауы, тиімді орналасуы, оқытушылардың бірлесе жұмыс істеуі сияқты бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелері шешіледі. «Бейнелеу өнері» пәнін оқушыларға оқыту барысында пәнаралық байланысты үнемі ескеріп отыру қажет. Пәнаралық байланыс білім, білік